

**М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ Өңірлік Университеті
Әлеуметтік жұмыс басқармасының
2023-2024 оқу жылында өткізілген қоғамдық-саяси,
мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар
Е С Е Б І**

Тараз, 2024 ж.

2023-2024 оқу жылында өткізілген қоғамдық-саяси, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар есебі

Егемен еліміз демократия жолымен алға жүріп, әлемде өзіне лайықты орын алу үшін еңбектеніп келеді. Бүгінде жастар қоғамның қозғаушы күші ретінде озық идеялармен қаруланып, еліміздің дамып, өркендеуіне лайықты үлес қосуда. Болашақта ел тізгінін ұстайтын, еліміздің әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті, экономикасы дамыған, өркениет көшінен лайықты орын алатын, еліміздің қарқынды дамуына өзіндік үлес қосатын қоғамның негізгі белсенді күші жастар екені сөзсіз. Бүгінде әлемдік қоғамдастық қызығушылық танытып, ерекше мән беріп отырған түрлі құндылықтар ел ертеңінің еңселі болуында өзіндік үлес салмағын байқатуда.

Соның түпкілікті бір тармағы ретінде жастар саясатын атауға болар еді. Оның мемлекеттің саяси ауанын қалыптастырудағы рөліне қатысты түрлі сыни пікірлердің туындауы бірінші кезекте қоғам өмірінде қаншалықты орын алатындығын аңғартқандай. Жастар саясатын іске асыруда, жастар арасындағы тәрбие жұмыстарын жүзеге асыруда жастар ісі жөніндегі комитеті бірқатар жұмыстар атқарып келеді. Тәрбие жұмыстары жоғары оқу орындарының ең маңызды көкейкесті мәселелерінің біріне жататыны белгілі. Осындай мәселелермен жұмыс жасауда, жастар саясатын іске асыруда студент жастардың өзін-өзі басқару саласы үлкен орын алады.

Дулати университетінде Жастар саясаты студенттерге азаматтық-патриоттық және құқықтық тәрбие беру, рухани-құндылықтарды дәріптеу, әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету, ақпараттық-насихаттау жұмыстарын жүргізу, студенттердің білімге деген құштарлығын арттыру, жеке қасиеттері мен коммуникативті мәдениетін қалыптастыру, салауатты өмір салтын құру, интеллектуалдық мәдениетті арттыру арқылы жүзеге асырылады. Университетте азаматтық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдерді меңгерген, бәсекеге қабілетті, салауатты жастар тәрбиелеуде негізгі бағытта жұмыс жүргізіледі.

Дулати университетінде 2023 – 2024 оқу жылында көрсетілген бағыттар бойынша барлығы **459** іс-шараға **31449** студент қатысты. Барлық іс-шаралар университеттің әлеуметтік желілерінде жарияланған.

1. Жастар саясаты бағыты бойынша – **60**
2. Азаматтық-патриоттық тәрбие бағыты бойынша -**73**
3. Рухани-адамгершілік, әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық тәрбие бағыттары бойынша – **85**
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықтық тәрбие бағыты бойынша –**72**
5. Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша-**42**
6. Шығармашылықты дамыту бағыты бойынша – **24**
7. Өзге де бағыттардағы іс-шаралар -**103**

Бірінші курс студенттері университет Жарғысымен, Ішкі тәртіп Ережелерімен, Академиялық адалдық ережелерімен, Корпоративтік этика Кодексімен, студенттердің Ар-намыс Кодексі, жүріс-тұрыс этикасымен, студенттік жатақханалардың ішкі тәртіп ережелерімен, университет құрылымымен, кафедраларымен, зертханаларымен, университет кітапханасымен таныстырылып, сондай-ақ университет мұражайына экскурсия ұйымдастырылды. Іс-шаралар барысында студенттер оқу орнындағы негізгі тәртіп ережелері мен академиялық талаптар туралы толық ақпарат алып, университеттің ғылыми және мәдени ортасымен жан-жақты танысты.


Академиялық топ кураторларының басты мақсаты студент жастардың тұлғалық дамуының үйлесімділігін қалыптастыру, студенттерді азаматтық белсенділікке тәрбиелеу,

білім алушылардың мамандықтың оқу жоспары аясында өзін-өзі көрсету қабілеттерін дамыту болып табылатындықтан, кураторлар сағаты жүйелі түрде өткізіледі.

Институт пен факультеттердің академиялық топтарында кураторлардың ұйымдастыруымен арнайы тақырыптық **8500** кураторлық сағаттар мен №1,2,3 студенттер жатақханаларында **67** кездесулер мен іс-шаралар өткізілді. Сондай-ақ институт пен факультеттерде салауатты өмір салтын қалыптастыру, табакқа қатысты және де адам ағзасына зиян тигізетін жаман әдеттердің алдын алу бойынша **75** кураторлық сағат ұйымдастырылды.

Тәлімгерлік жұмысына биылғы оқу жылында институт директоры мен факультет декандарының бұйрығына сәйкес – **694** академиялық топқа – **497** куратор бекітіліп, 1 институт, 6 факультет бойынша директор, декан орынбасарларының және аға кураторлардың жұмысы үйлестірілуде. Университет кураторларының психологиялық-педагогикалық және әдістемелік құзіреттіліктерін жетілдіру мақсатында Әлеуметтік жұмыс басқармасы тарапынан ұйымдастырылған **Кураторлар мектебінде** (2023 – 2024 оқу жылы) **97** оқытушылар біліктілігін арттырып, сертификат алды.

КУРАТОРЛАР МЕКТЕБІНДЕ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРҒАН ОҚЫТУШЫЛАР САНЫ



"Куратор мектебі" курсына қатысқан оқытушылар емтихан тапсырып, арнайы сертификаттарын алды. Бұл курс 72 сағаттық оқу бағдарламасынан тұрады және онлайн мен офлайн форматтарында өткізіледі.

Кураторлық сағаттар және жатақханада өткізілген іс-шаралар

№	Институт, факультет атауы	Академиялық топ саны	Кураторлар саны	Кураторлық сағаттар	Жатақханада өткізілген іс-шаралар
1.	Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру институты	108	68	2640	8
2.	Филология және гуманитарлық ғылымдар факультеті	99	99	1800	15
3.	Педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультеті	88	40	1788	19
4.	Жаратылыстану ғылымдары факультеті	64	45	1375	15
5.	Технологиялық факультеті	120	97	2439	9
6.	Экономика және құқық факультеті	80	75	1820	2

7.	Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультеті	77	42	2736	5
----	--	----	----	------	---

Оқу жылының басында Әлеуметтік жұмыс басқармасы нашақорлықтың алдын алу бойынша арнайы Жол картасын бекітті. Бағдарламаға сәйкес жыл ішінде 25 ірі іс-шара өткізілді. Бағдарлама аясында «Жастар арасында синтетикалық есірткінің таралуын алдын алу», «Студенттер арасында есірткі нашақорлығымен күресу және алдын алудың өзектілігі», «Темекі- обыр ауруына апаратын жол», "Нашақорлық — қауіпті эпидет, біздің алдымызда — біздің міндетіміз", «Есірткі қауіпі және оның салдары», «Есірткісіз жарқын болашақ» және т.б. іс-шаралар ұйымдастырылды.

Жамбыл облысы полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы, Жамбыл облысы полиция департаменті кинологиялық орталығы, Жамбыл облыстық наркологиялық диспансері бірлесіп, студенттер арасында нашақорлықтың алдын алу және зиянды әдеттерден сақтандыру мақсатында кешенді іс-шаралар ұйымдастырды. Атап айтқанда, есірткі заттарының таралу жолдары, олардың денсаулыққа тигізетін зияны және қылмыстық жауапкершілік туралы ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Кинологиялық орталық мамандары нашақорлықпен күреске бағытталған практикалық көрсетілімдер ұйымдастырып, есірткі заттарын анықтау әдістерін көрсетті. Жамбыл облыстық наркологиялық диспансері мамандары нашақорлықтың психологиялық және физиологиялық әсерлері туралы дәрістер өткізіп, жастарға тәуелділіктің алдын алу жолдары бойынша кеңестер берді. Бұл іс-шаралар студенттердің құқықтық және медициналық сауаттылығын арттырып, олардың салауатты өмір салтын ұстануына ықпал етті.

Оқу жылы ішінде барлық факультет студенттерін қамтуға ерекше көңіл бөлініп, әсіресе 1 курс студенттеріне басымдық берілді. Бұл олардың жаңа ортаға тез бейімделуіне, салауатты өмір салтының маңыздылығын түсінуіне және зиянды әдеттерден сақтануына көмектесуге бағытталды. Іс-шараларды ұйымдастыру барысында жаңа форматтарға басымдық берілді. Дәстүрлі дәрістер мен кездесулерден бөлек, интерактивті тренингтер, рөлдік ойындар, пікірталас алаңдары, әлеуметтік желілердегі челлендждер және шығармашылық байқаулар ұйымдастырылды. Осындай әдістер жастардың белсенді қатысуын арттырып, олардың ақпаратты жақсы қабылдауына мүмкіндік берді. Сонымен қатар, студенттердің қызығушылығын ояту мақсатында арнайы қонақтар шақырылып, олардың өмірлік тәжірибелерімен бөлісуі арқылы нашақорлықтың зияны мен алдын алу жолдары жан-жақты талқыланды. Бұл тәсілдер жастардың тақырыпқа деген қызығушылығын арттырып, оларды есірткісіз болашаққа ұмтылуға ынталандырды.

НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ ЖАСТАР АРАСЫНДА ТАРАЛУЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ



Арнайы мамандардың қатысуымен ұйымдастырылған іс-шараларға **6000** студенттер қамтылды











690 Кураторлық тақырыптық тәрбие сағаттары

25 Танымдық лекциялар

2 Кинология орталығына экскурсиялар

2 Заңсыз графити жазуларын ешіру акциялары

1 ЖОО-на челлендж









Аталмыш бағытта бірлесе жұмыстар атқарылуда:



1. Жамбыл облысы полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасымен

2. Жамбыл облысы полиция департаменті кинологиялық орталығымен

3. Жамбыл облыстық наркологиялық диспансері


















1-4 курс студенттерінің әлеуметтік картасын құру тапсырмасы аясында әлеуметтік жұмыс басқармасы факультеттерден қажетті ақпараттарды сұратып, алынған мәліметтер негізінде әлеуметтік карта дайындалды. Әлеуметтік карта студенттердің әлеуметтік жағдайын анықтау, оларға қажетті қолдау шараларын жоспарлау және тиімді әлеуметтік көмекті ұйымдастыру мақсатында дайындалды.



Институт, Факультет атауы	Жалпы студенттер саны				18-ге толма- ған студент- тер саны		Көп балалы отбасынан шыққан студенттер саны				Тұл жетім студенттер дің саны				Жартылай жетім студенттердің саны				Мүгедектігі бар студенттердің саны											
																			I топ				II топ				III топ			
курс	1	2	3	4	1	2	1	2	3	4	1	2	3	4	1	2	3	4	1	2	3	4	1	2	3	4				
Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру институты	573	592	444	324	210	0	148	143	86	64	2	6	7	0	49	43	23	30	2	1					9	2	5	3		
Жаратылыстану ғылымдары факультеті	338	336	322	188	208	11	105	100	64	17	1	1	0		36	9	16	6	2		0	2	0				1			
Педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультеті	466	461	449	279	251	167	87	92	75	60			2	1		2	1	2	1	2		1			3	3	3			
Филология және гуманитарлық ғылымдар факультеті	627	824	574	410	297	11	142	171	151	27	2	9	3		38	53	44	32	1		3	6	3			8	3			
Экономика және құқық факультеті	293	327	282	313	61	23	81	62	41	47	4	2	3	2	2				1							1				
Технологиялық факультет	656	586	461	434	234	78	73	85	43	21		2	1	1	16	29	32	9			2				4	2	1	1		
Дене шынықтыру және әскери дайындық факультеті	348	759	564	341	139			2	1	1	1		1		8		6									2	3			
БАРЛЫҒЫ:	3301	3885	3096	2289	1400	290	636	655	461	237	10	20	17	4	149	136	122	79	5	2	3	3	10	4	0	0	16	17	16	5
	12571				1690		1989				51				486				13				14				54			

Институт, Факультет атауы	Ата-аналары немесе ата-анасының біреуі I, II, III топ мүгедегі болып табылатын студенттердің саны												Шетел студенттері нің саны				Түркімен студенттер інің саны				Өзге ұлт өкілдерінің саны				Басқа облыстан келген студенттердің саны				Хиджаб кпетін студенттер дің саны				
	I топ				II топ				III топ																								
курс	1	2	3	4	1	2	3	4	1	2	3	4	1	2	3	4	1	2	3	4	1	2	3	4	1	2	3	4	1	2	3	4	
Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру институты				2		5	4	4	2	5	3	3	1	5	2	2		1				39	41	34	37	23	26	7					
Жаратылыстану ғылымдары факультеті	1	2		0	3	1	1	1	2				1	5	1		4	1	1	3	2	9	2	14	2	21	21	47	23		1	3	2
Педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультеті		1			4	3	2	1	2	4	6	3	2	1	4	7				3	3	4	3	2	16	27	12	14	4	4	6	6	
Филология және гуманитарлық ғылымдар факультеті	10	10	3		12	9	3	3	10	8	4	3	5	6		7					44	69	36	19	38	44	34	11	3	14	16	5	
Экономика және құқық факультеті	4	6			7			2	4		2	1		4	2	2				2	9	6	4	4	118	102	73	114	1	1			
Технологиялық факультет					8	6	7	9	10	8	8	9	4	3	2		2	1			7	8	8	6	12	31	26	17	6	8	9	7	
Дене шынықтыру және әскери дайындық факультеті						2						5		2	10	5	5	1		2	22	19	25	22	20	10	25	18	4				
БАРЛЫҒЫ:	15	19	5	0	32	32	17	18	33	23	28	18	23	27	15	25	5	2	3	9	133	149	124	92	248	261	224	197	18	28	34	20	
	39				99				102				90				19				498				930				100				

Әлеуметтік қолдауды қажет ететін студенттердің тізімі құрылып, тұрақты мониторинг жүргізілді. Сонымен қатар жеңілдік алатын студенттердің тізімі дайындалып, жеңілдік комиссиясының қарауына ұсынылды.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

ЖАСТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ

37 Спорттық секциялар

1 Студенттік парламент

5 Шығармашылық үйірмелер

36 Университеттің алқалы органдары құрамында

3 Волонтерлік қозғалыстар

10 Қызығушылықтар бойынша студенттік клубтар

7 Жастар ұйымдары студенттік деканат

3 Жатақханалардың студенттік кеңестері

1 "Тәуелсіздік Ұрпақтары" грантының жеңімпазы

10 Шағын гранттар конкурстарының жеңімпаздары

6 млн

Әлеуметтік жобаларды іске асыруға тартылған гранттық қаржыландыру

3 млн 277

Студенттік бастамаларды қолдауға демеушілік қаражат тартылды (университет қаржысынан тыс)

15000

Университет және облыстық, республикалық іс-шараларға қамтылды

Дулати университетінде «DU UNION» (жастар ісі жөніндегі комитет) жұмыс істейді, оның жұмысы студенттердің азаматтық-патриоттық, әлеуметтік, мәдени және рухани-адамгершілік дамуына жәрдемдесуге бағытталған. Жоғарыда аталған ұйымдар мүшелерінің қатысуымен мәдениет және экономика мәселелері бойынша түрлі қоғамдық іс-шаралар, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, кездесулер және тәжірибе алмасу өткізіледі. Экологиялық, дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға, зияткерлік мәдениетті дамытуға және жас таланттарды қолдауға бағытталған іс-шараларды өткізу. Комитеттің жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Студенттерді жастар

клубтарына дәстүрлі арнау өтті, ал клуб жетекшілері өз командаларын студенттерді тарту үшін дайындық жұмыстарын жүргізді.

Қыркүйек айында бірінші курс студенттері үшін "DU FEST" ауқымды фестивалі ұйымдастырылып, онда жастар клубтары өз жобаларын ұсынды. Фестивальге 1500-ден астам студент қатысты.

JasStart атты 1 курс студенттеріне арналған жастар ұйымдарының презентациясы әр факультетте ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар студенттерге университеттегі жастар ұйымдарының қызметін таныстыруға, олардың маңызды жобалары мен бастамаларымен таныстыруға бағытталды. Презентацияларда жастар ұйымдарының құрамына қосылу мүмкіндігі ұсынылып, студенттер белсенді жастар ортасына тартылды. Белсенділікке шақыру және жастарды қоғамдағы маңызды іс-шараларға қатысуға ынталандыру студенттердің әлеуметтік белсенділігін арттырып, көшбасшылық дағдыларын дамытуға үлкен ықпал етеді. Мұндай шаралар жастарды өз идеяларын іске асыруға, түрлі жобаларға қатысуға және қоғамға пайдалы болуға ынталандырады, бұл олардың жеке дамуына да септігін тигізеді.


2023 – 2029 жылдарға арналған жастар саясаты тұжырымдамасы студент жастар арасында кеңінен таныстырылды. Тұжырымдама факультеттерде өткізілген ауқымды іс-шараларда түсіндіріліп, студенттерге оның негізгі бағыттары мен мақсаттары туралы ақпарат берілді. Бұл іс-шаралар барысында жастарды елдегі жастар саясатына белсенді қатысуға шақыру және олардың әлеуметтік, мәдени, білім беру және еңбек салаларында өз әлеуетін тиімді пайдалану мүмкіндіктері түсіндірілді. Тұжырымдамадағы бағыттар мен мақсаттар негізінде жұмыс жоспары құрылып, университетте іске асыруға бағытталған шаралар ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар студенттердің болашақтағы кәсіби дамуына, қоғамдық белсенділігін арттыруға және әлеуметтік мәселелерге шешім табуға бағытталды.

DU Union белсенді студенттері арасында «TYNYS ALL» танымдық экскурсиясы ұйымдастырылды, оның аясында студенттер Қазақстанның әсем табиғатымен танысу мүмкіндігіне ие болды. Экскурсия кезінде Көлсай, Қайыңды және Шарын шатқалдарының таңғажайып табиғи көріністері көрсетіліп, студенттерге туған жердің ерекше табиғи байлықтары мен киелі жерлері туралы ақпарат берілді. Географиялық турлар өткізу студенттердің туған жерге деген патриоттық сезімін арттырып, табиғаттың құндылықтарын түсінуге, оны сақтау қажеттілігіне тәрбиелейді. Мұндай іс-шаралар жастарға экологиялық білім беру, табиғатты қорғау және еліміздің тарихи-мәдени мұрасын ұмытпау маңызды екендігін көрсету мақсатында ұйымдастырылды.

DU Union белсенді студенттері арасында ұйымдастырылған «TYNYS ALL» танымдық экскурсиясына төмендегі жастар ұйымдары мен клубтарының мүшелері белсенді түрде қатысты: «Біз біргеміз» волонтерлік клубы, «Дулати-Жайдарман» көңілді тапқырлар клубы, «Фемида» жастар клубы, «Жастар Рухы» ЖК, «Парыз» волонтерлік клубы, «Жамбыл облысы Еріктілер Қозғалысы» волонтерлік клубы, «Қазақстан студенттер Альянсы» жастар ұйымы, «Еркін Ойлар Алаңы» интеллектуалды пікірсайыс клубы, «10ted.dulaty» көпсалалы жастар клубы, «Enactus Dulaty» жастар ұйымы, «Феникс» жастар клубы.

Әлеуметтік желілердің жастарға әсері туралы ақпараттық түсіндірме жұмыстары университетте белсенді түрде жүргізілді. Бұл жұмыстар барысында жастардың әлеуметтік желілерде дұрыс ақпаратты таңдап, олардың әсерінен қалай қорғауға болатыны туралы маңызды мәліметтер берілді. Әлеуметтік желілердің психологиялық, әлеуметтік және ақпараттық ықпалының теріс және оң жақтары түсіндірілді. Сонымен қатар, аталмыш тақырыпта арнайы постерлер дайындалып, олар университеттің әртүрлі жерлерінде ілініп, студенттерге бұл мәселеге қатысты саналы көзқарас қалыптастыруға бағытталды. Постерлерде жастарға әлеуметтік желілерде уақытты тиімді пайдалану, жалған ақпараттан аулақ болу және жеке деректерді қорғау жолдары туралы кеңестер ұсынылды. Бұл шаралар жастардың медиа сауаттылығын арттыруға және олардың әлеуметтік желілерде қауіпсіз әрекет ету дағдыларын дамытуға үлкен көмегін тигізді.

«DU UNION» жастар ісі жөніндегі комитеті



Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының негізгі мақсаты- жастардың азаматтық, әлеуметтік дербес тұлғалық қалыптасуына жүзеге асыру үшін қажет құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық жағдайларды жасау мен нығайту. Алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру жастар саясатының мына бағыттарына басымдық беруді көздейді:

1. Жастар бойында патриотизмді қалыптастыру, жастар ізгілікті әрі рухани дамуы.
2. Еңбек, білім беру және денсаулық сақтау саласындағы жастардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету.
3. Жастардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін дербес жүзеге асыруына жағдай жасау.
4. Жастардың денесін шынықтырып, интеллектуалдық дамуына жағдай жасау.
5. Жастардың қоғамдық игі бастамаларын қолдау мен ынталандыру.
6. Жастарды халықаралық мәдени, экономикалық, ғылыми және білім беру процестеріне тарту.

Дулати университетінде студенттердің білім алуымен ғана шектелмей, сабақтан тыс уақытта университеттің әртүрлі қоғамдық, мәдени-көпшілік, шығармашылық жұмыстарына белсенді араласуына көңіл бөлінуде. Институт директоры мен факультет декандарының ұсынысы негізінде – студенттік өзін-өзі басқару органдарының жастар ұйымдарының басшылары, мүшелері және студенттік декандары тағайындалады, ал студенттік кеңестер сайлауы дәстүрлі түрде №1,2,3 студенттік жатақханаларында тұратын студенттердің 70% орналасқаннан соң өтеді. Университет қабырғасында 7 студенттік деканат, 3 жатақханалар студенттік кеңестері, Студенттік парламент және 11 жастар ұйымдары мен клубтар жұмыс атқарды. клубтар жұмыс атқарады. Атап айтқанда, «Біз біргеміз» волонтерлік клубы, «Дулати-Жайдарман» көңілді тапқырлар клубы, «Фемида» жастар клубы, «Жастар Рухы» ЖК, «Парыз» волонтерлік клубы, «Жамбыл облысы Еріктілер Қозғалысы» волонтерлік клубы, «Қазақстан студенттер Альянсы» жастар ұйымы, «Еркін Ойлар Алаң» интеллектуалды пікірсайыс клубы, «10ted.dulaty» көпсалалы жастар клубы, «Enactus Dulaty» жастар ұйымы, «Феникс» жастар клубы. Жыл сайын, университетімізде белсенді жастардың саны артып келеді. «Жамбыл облысы Еріктілер

Қозғалысы» волонтерлік клубы құрамында ең көп белсенді студенттерден құралған клуб болып табылады, оның құрамында қазіргі таңда 100-ден астам белсенді жастарымыз бар.

Сонымен қатар, "DU UNION" жастар комитеті волонтерлік қозғалыстыда ауқымды түрде дамытуда. Жастармен жұмыс бөлімнің құрамында, қазіргі таңда 3 волонтерлік клуб және 300-ден аса ерікті студент жастарымыз бар.


Университетімізде волонтерлікті дамыту «Biz birgemiz» республикалық қозғалысының құрылымы бойынша «Sabaqtastyq», «Qamqor», «Bilim», «Taza Alem», «Ayala», «Sauluq», «Asyl Mura» атты жеті бағыт бойынша дамуда. Осы жеті бағыт аясында, жастармен жұмыс бөлімінің әзірлеуімен университетімізде 10-нан аса жобалар атқарылды. Нақтырақ айтар болсақ, «Анти-наркоТИК-Ток», «Алғашқы көмек», «Қаржылық сауаттылық», «Қарттарым асыл қазынам», «Безопасность на водных объектах», «Волонтеры ЧС» және т.б. Біздің волонтер студенттеріміз «Biz birgemiz» шағын гранттар конкурстарына белсенді қатысты.



Университетімізде «Қазақстан волонтерлар лигасы» (қазіргі таңдағы атауы «Жамбыл облысы еріктілер қозғалысы») волонтерлік лигасы жұмыс атқаруда, бұл клубтың басты мақсаты жастар арасында волонтерлік жұмыстарды кеңірек насихаттау және ауқымды волонтерлік іс-шаралар ұйымдастыру болып табылады. Сонымен қатар, университетімізде «Біз біргеміз» және «Парыз» волонтерлік клубтары жұмыс жасауда. 2023-2024 оқу жылында ерікті жастарымыздың ұйымдастыруымен 50-ден аса ірі деңгейдегі іс-шаралар өтті. Қазіргі таңда, университетімізде 3 волонтерлік клуб және 300-ден аса ерікті студент жастарымыз бар.

Жастармен жұмыс жөніндегі бөлім жұмысының тиімділігін арттыру үшін әлеуметтік желілерде беттер белсенді жүргізілуде.

Instagram әлеуметтік желісінде @dulaty_jastary парақшасы ашылды. Парақшаға 6098-ден астам жазылушы тіркелді, посттар мен бейне қаралым **920 000**, 420-дан астам хабарлама және **3000** «stories» жарияланды. Сондай-ақ, «whatsapp» мессенджерінде жастар ісі жөніндегі комитеттің чаттары, студенттік ұйымдардың чаттары, академиялық топтардың старосталары құрылды.



Әлеуметтік желілерде алдағы іс-шаралар туралы хабарландырулар, өткізілген іс-шаралар туралы әртүрлі тақырыптар мен материалдар жарияланады. Жыл ішінде «Instagram» әлеуметтік желісінде «Еркін подкаст» подкастының түсірілімі мен трансляциясы жүргізілді, онда белсенді студенттер өз тәжірибелерімен бөлісіп, маңызды тақырыптарды талқылады. Нашакорлықпен күресу үшін тиктокта @anti_narkotik есірткіге қарсы парақшасы құрылды, бұл жастардың кең аудиториясын қамтуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ Instagram-дағы @dulaty_jastary парақшасының ізбасарларының саны айтарлықтай өсті, бұл паракты жүргізудің сәтті стратегиясы мен бөлімнің қызметіне деген қызығушылықты көрсетеді. Жылдың басты оқиғасы «10ted» көпсалалы жастар клубының ашылуы болды. жастарға шығармашылық және кәсіби дағдыларды дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік беретін медиа бағытта жұмыс істейтін клуб.

Экологиялық, дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға, зияткерлік мәдениетті дамытуға және жас таланттарды қолдауға бағытталған іс-шараларды өткізу комитеттің жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Оқу жылы бойы түрлі дөңгелек үстелдер, акциялар, мастер-кластар, семинар-тренингтер, турнирлер, дебаттар, конкурстар және т. б. өткізілді.

Студенттік Парламент пен Студенттік өзін-өзі басқару кездесулерінде еріктілік, пікірталас қозғалысы, студенттік спорт және басқа да өзекті тақырыптар талқыланды. Сонымен қатар, академиялық клубтардың кураторларымен және старосталарымен кездесулер өткізіледі, онда студенттердің өзін-өзі басқару мәселелері қаралып қоғамдағы, жанұядағы туындайтын түрлі мәселелердің шешілу жолдарын қарастырылды. Сондай-ақ студенттердің өмір сүру жағдайларын бақылау үшін студенттік омбудсмен тарапынан жатақханаларда тұрақты рейдтер өткізіледі.

Университетте «Жайдарман» қозғалысы қарқынды дамып келеді. Біздің университеттің студенттерінен тұратын 10-ға жуық команда әр оқу жылында 8-ден астам ірі ойындар өткізді. Осы маусымда Жайдарманға 150-ден астам белсенді студент қатысып, 5000-ға жуық студент көрермен болды. Университеттің командалары республикалық, облыстық, қалалық деңгейдегі жарыстарда жүлделі орындарға ие. Атап айтқанда, «Қарасаз» КВН командасы Республикалық «Номад» лигасының 3-ші орынының жеңімпаздары, «Тараз 2004» КВН командасы Жамбыл облысының «Номад» лигасының 1-ші орын иегерлері, «Инсайт» КВН командасы жергілікті маусымдық ойындардың қатысушылары болды.

Жастардың зияткерлік әлеуетін дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осы бағыт аясында студенттер арасында бірқатар «Qaz IQ» және «JariQ» зияткерлік ойындары өткізілді. Сондай-ақ, Абай Құнанбаевтың «Толық Адам» тұжырымдамасы тақырыбы бойынша облыс мектептерінің 180-ден астам оқушысының қатысуымен «JariQ» облыстық зияткерлік ойыны өткізілді.

"ТОЛЫҚ АДАМ" МОДЕЛІ

"ТОЛЫҚ АДАМ" МОДЕЛІ

ЫСТЫҚ ҚАЙРАТ

НҰРЛЫ АҚЫЛ

ЖЫЛЫ ЖҮРЕК

- Университетте **«Толық адам ілімі»** аудиториясы ашылды
- "Толық адам" моделі аясында білім беру бағдарламасы әзірленуде




- Жамбыл облысты Білім басқармасымен бірге "Толық адам" концепциясы негізінде оқушылар арасында **"Жарық"** интеллектуалдық ойыны

- ✓ КОРПОРАТИВТІК БІРЛІК
- ✓ МӘДЕНИЕТІ ҚАЛЫПТАСҚАН ОРТА
- ✓ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАЛҒАН ОРТА
- ✓ КРЕАТИВТІ ҰЖЫМ
- ✓ РУХАНИ КЕМЕЛДЕНГЕН МАМАН





Университетімізде пікірсайыс қозғалысы белсенді дамып, жастар комитеті жанындағы "Еркін ойлар алаңы" интеллектуалды пікірсайыс клубы (ИПК) тиімді жұмыс атқаруда. Клубта 52 студент тіркелген. Клубтың ұйымдастыруымен 3 облыстық турнир (147 қатысушы), 2 студенттік лига, 1 оқушылар лигасы өткізіліп, факультетаралық деңгейде 2 турнирге 87 студент қатысты. Сонымен қатар, 1 республикалық турнир ұйымдастырылып, оған 86 қатысушы қатыстырылды. Төрешілік біліктілікті арттыру мақсатында 6 оқыту жұмысы өткізіліп, 59 студент оқудан өтті. Одан бөлек, 3 интеллектуалды ойын (73 қатысушы) және 2 TedX іс-шарасы (61 қатысушы) өткізілді.

Пікірсайысшыларымыз облыстық турнирлерде 6 жүлделі орын иеленіп, 13 студент республикалық турнирлерде университет намысын қорғады. Пікірсайыс клубының жұмысы студенттердің жеке және кәсіби дамуында маңызды рөл атқарады. Клуб мүшелері пікірталас дағдыларын жетілдірумен қатар, көшбасшылық қасиеттерін нығайтып, қоғамдық мәселелерге белсенді көзқарас қалыптастыруда. Сонымен бірге, "Еркін ойлар алаңы" ИПК-ның бастамасымен университет ішінде пікірсайыс мәдениетін кеңінен насихаттау, жаңа қатысушыларды тарту және тәжірибелі пікірсайысшыларды даярлау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Клуб мүшелері түрлі деңгейдегі турнирлерге қатысып қана қоймай, пікірсайыс жаттығулары мен мастер-класстар өткізу арқылы өз тәжірибелерімен бөлісуде. Төрешілік оқытудан өткен студенттер турнирлерде әділ қазылық етіп, кәсіби біліктіліктерін шыңдауда. Алдағы уақытта пікірсайыс қозғалысын одан әрі дамыту мақсатында аймақтық және халықаралық турнирлерге қатысу, жаңа форматтағы пікірсайыс жобаларын енгізу, сондай-ақ студенттердің интеллектуалды әлеуетін арттыруға бағытталған семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру жоспарлануда.

Пікірсайысқа қатысу студенттердің зияткерлік дағдыларын, сыни ойлау қабілетін, ақпаратты талдау және дәлелді түрде жеткізу дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, пікірсайыс барысында олардың көшбасшылық қасиеттері, командамен жұмыс істеу қабілеті нығайып, шешендік өнері мен ораторлық шеберлігі артады. Студенттер өз ойларын сенімді жеткізіп, пікірталас мәдениетін меңгеруге, түрлі көзқарастарды құрметтеуге

үйренеді. Бұл дағдылар олардың академиялық, кәсіби және жеке өмірінде табысты болуына ықпал етеді.

Жастармен жұмыс бөлімінің бастамасымен университет қабырғасында студенттердің азаматтық белсенділігін арттыру және көшбасшылық қасиеттерін дамыту мақсатында көптеген іс-шаралар өткізілді. Бұл шаралар аясында 7 арнайы спикердің қатысуымен тренингтер ұйымдастырылып, олардың тәжірибесі мен кеңестері студенттер үшін ерекше құнды болды. Сонымен қатар, барлық факультеттерде кездесулер мен дөңгелек үстелдер өткізіліп, студенттердің қоғамдық мәселелерге көзқарасын кеңейту, өз пікірін ашық айту дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік берілді. Бұл іс-шаралар студенттерге көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, өз құқықтары мен міндеттерін түсінуге және қоғамдағы белсенді рөлін арттыруға бағытталды.

Көшбасшылықты дамыту тренингтерінде студенттердің тұлғалық қасиеттерін жетілдіруге бағытталған түрлі тақырыптар қамтылды. Атап көрсетсек, "Тиімді коммуникация және командамен жұмыс", "Көшбасшылықтың психологиясы", "Мақсат қою және уақытты тиімді басқару", "Қоғамдық белсенділіктің маңызы", "Креативті ойлау және шешім қабылдау дағдылары", "Конфликттерді басқару және келіссөз жүргізу әдістері" сынды тақырыптар бойынша тренингтер ұйымдастырылды. Іс-шаралар барысында студенттер теориялық білім алып қана қоймай, практикалық жаттығулар арқылы көшбасшылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алды. Әрбір тренинг интерактивті форматта өткізіліп, пікірталас, топтық жұмыс, кейс-талдау әдістері қолданылды.

"Тұлға" жобасы аясында мотивациялық кездесулер, өзін-өзі дамыту семинарлары, жастар форумы секілді шаралар өткізілді. Бұл жобалар студенттердің азаматтық жауапкершілігін арттыруға, қоғамдық өмірге белсенді араласуға және жаңа бастамалар көтеруге ықпал етті. Жалпы, өткізілген іс-шаралар кешені жастардың көшбасшылық әлеуетін дамытуға, олардың өмірлік белсенді ұстанымын қалыптастыруға бағытталды. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табатын болады.

Студенттік қоғамдастық университеттің алқалы органдарының, жатақханаларда орын бөлу жөніндегі комиссияның, құқық бұзушылықтардың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің құрамында ұсынылған.

Алқалы органдардың құрамына енгізілген студенттердің тізімі

№	Алқалы органның атауы	Студенттің аты-жөні	Институт, факультет	Курс
1.	Этика Кеңесі	Әкімхан Ақнұр	ФГСН	4
2.	Ғылыми Кеңес	Ықлас Нұрсая	ФФҒН	2
		Қонысбай Назерке	ФФҒН	2
3.	Оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру жөніндегі Комиссия білім беру бағдарламалары бойынша	А. Біржанова	ТФ	2
		С. Темірбек	ФФиҒН	1
4.	Университеттің Апелляциялық комиссия	Айтбаева Динара Әлімжанқызы	ИВХиПО	3
		Қасымова Назгүл Қайратқызы	ТФ	3
5.	Мониторингтік комиссия	Қази Имамаддин Алуаддинұлы	ЕНФ	2
		Ордабек Салтанат Бердібекқызы	ФЭиП	2
		Доғдырбай Асем Темірханқызы	ФФиҒН	2
		Қонысбай Назерке Асанқызы	ФПиСН	2
		Амирбек Айзада Даниярқызы	ФФиНВП	2
6.	«Таза сессия» акциясы аясында бақылаушылар	Мамыш Даурен Дастанұлы	Жастармен жұмыс бөлімінің	-

			басшысы	
		Нұрмайлов Айдос Елужылұл	Жастармен жұмыс бөлімінің бас маманы	-
		Амирбек Айзада Даниярқызы	ФФиНВП	2
		Ерадилова Улдана Жанибекқызы	ФФиНВП	2
		Бакирам Зейнеп Сағатбекқызы	ФФиНВП	2
		Қонысбай Дәулетжан	ФФиНВП	2
		Дүйсен Лаура Айдарханқызы	ЕНФ	2
		Қази Имамаддин Аллуаддинұлы	ЕНФ	2
		Дәнекұлова Аида Айдарханқызы	ЕНФ	2
		Әмірхан Шамшат	ФПСН	3
		Серикова Аружан Маратқызы	ФПСН	3
		Сайлауова Алуа Нағашыбекқызы	ФПСН	3
		Дурсунова Эсмер Арамизовна	ФПСН	3
		Середа Динара	ФПСН	2
		Ергешбекова Айсұлу	ТФ	2
		Елеман Сабина Жақсынбекқызы	ТФ	2
		Жанысбек Арайлым	ТФ	2
		Арғынбай Гүлфайрус Ерланқызы	ТФ	2
		Доғдырбай Асем	ФФГН	2
		Қонысбай Назерке	ФФГН	2
		Мұқан Али	ФФГН	2
		Сартаева Аяулым	ФФГН	2
		Шайзадаева Назерке	ФФГН	3
		Есенкүл Аяжан	ФФГН	3
		Сарсенбаева Моника Ерболқызы	ФФГН	2
		Бауыржанқызы Айханым	ФФГН	2
		Зиилдаева Айжан	ФЭиП	3
		Ордабек Салтанат	ФЭиП	2
		Әуесхан Ақарыс	ФЭиП	3
	Барлығы		39	

Қаржылық сауаттылық және лудоманияның алдын алу бойынша өткізілген іс-шаралар студенттердің қаржылық білімін арттыру және ойын тәуелділігінің алдын алу мақсатында кең көлемде ұйымдастырылды. Барлығы 3 акция өткізіліп, оған 66 студент қатысты. Сондай-ақ, 4 дөңгелек үстел ұйымдастырылып, 74 студент өз пікірлерімен бөлісті. Қаржылық сауаттылық тақырыбында 5 тренинг-семинар өткізілді, оған 127 студент қатысты. 3 интеллектуалды ойын өткізіліп, 98 студенттің қатысуымен олардың қаржылық сауаттылық деңгейі тексерілді. 8 кездесу өткізіліп, 193 студент бұл іс-шаралардан пайдалы ақпарат алды. Сонымен қатар, 1 бейнеролик жасалып, студенттерге көрсетілді.

Қаржылық сауаттылық пен лудоманияның алдын алу мәселелері қазіргі қоғамда үлкен маңызға ие. Студент жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру оларға жеке қаржысын дұрыс басқаруды үйретіп, болашақта қаржылық мәселелермен күресуге дайын болуға көмектеседі. Қаржылық білімнің болуы адамдардың ақшаны тиімді жұмсауын, инвестиция жасауды, жинақтауды және қаржылық мақсаттарға жетуді жеңілдетеді. Сонымен қатар, қаржылық сауаттылықтың жоғарылатылуы адамдардың қарыздар мен несие тәуелділігіне жол бермеуге, ұзақ мерзімді қаржылық жоспарларды жасауды үйренуге мүмкіндік береді.

ҚАРЖЫЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЛУДОМАНИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ



Студенттік бастамалар

27
ІС-ШАРА

Тақырыптық лекциялар, дөңгелек үстелдер, тренингтер, кинокөрсетілімдер, конференция, жастар акциялары, психолог мамандармен кездесулер өткізілді

Экономика және менеджмент кафедрасының оқытушыларымен арнайы лекциялар қатары өткізілді



Лудомания, яғни ойын тәуелділігі, жастар арасында кең таралған мәселелердің бірі болып табылады. Бұл тәуелділік адамдардың уақытын, ақшасын және энергиясын текке кетіруге, сондай-ақ психикалық және физикалық денсаулығына зиян келтіруге әкеп соғады. Лудоманияның алдын алу бойынша ұйымдастырылған іс-шаралар студенттердің ойын тәуелділігімен күресу, оған қарсы тұру дағдыларын қалыптастыру және психологиялық көмек көрсету үшін маңызды рөл атқарады. Осы бағыттағы тренингтер, дөңгелек үстелдер мен пікірсайыстар жастарға қаржылық сауаттылықтың маңыздылығын түсінуге және оларды әлеуметтік мәселелермен дұрыс жолмен күресуге бағыттайды. Осы бағыттар бойынша өткізілген іс-шаралар жастарға қаржылық тәуелсіздікті қамтамасыз ету, зиянды әдеттерден аулақ болу және психологиялық саулықты сақтау үшін маңызды білім мен дағдыларды береді, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын арттырады.

Әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстары бойынша 2023-2024 оқу жылында «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕАҚ білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру жөніндегі ережеге сәйкес өткен 3 комиссия отырысының шешімімен жалпы саны - 254, оның ішінде – **227** студентке және **27** магистрантқа әлеуметтік санаттар бойынша жеңілдік берілді.

4.1. «Алтын белгі» иегерлері	4.2 тұл жетім студенттерге	4.3 камқоршысы бар жетім студенттерге	4.4 I топтағы мүгедек студенттерге	4.5 II топтағы мүгедек студенттерге	4.6 III топтағы мүгедек студенттерге	4.7 18 жасқа толмаған 6 және одан да көп отбасына	4.8 спортшы студенттерге Әлем, Азия, халықаралық турнирдің, ҚР чемпионат жеңімпазына	4.9 магистратураға түскен М.Х. Дулати университетінің түлектерін	4.10 Дулати университетінің профессорлық оқытушылар құрамымен қызметкерлерінің балаларына))	4.11 Дулати университетінің ұйымдастырумен өткізілген облыстық пәндік олимпиадаларда	Әскери борышын өтеген студент (Қорғаныс министрлігінің 30.06.2023 ж. №4/20-412845
5	10	14	2	1	15	38	101	27	36	4	1

Университетте 3 студенттік жатақхана жұмыс істейді: №1 студенттік жатақхана — 427 студент, №2 студенттік жатақхана — 137 студент, №3 студенттік жатақхана — 408

студент. Жатақханаларда барлығы 972 студент тұрады. Жатақханалардағы орындардың 13 пайызы бос, бұл орын тапшылығының жоқтығын көрсетеді.

Студенттер үйіне орналасқан әр студентке «Жатақханада тұратын студенттердің міндеттері мен құқықтары» екі тілде түсіндіріліп жеке-жеке әр студенттің қолына ереже (памятка) беріліп, студенттерге Жатақханада тұру қауіпсіздігін сақтау мақсатында техника қауіпсіздігіне, өртке қарсы бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылады.

Студенттік кеңестері мен Студенттік старостаттарының да жұмыстары тиімді ұйымдастырылған.

Студенттік кеңес студенттердің мүдделерін білдіретін өзін-өзі басқару органы ретінде жатақханада студенттері ішінен сайланады. Студенттік кеңес жатақхана старосталарының қызметін үйлестіреді, кезекшілік кестесін құрады, жатақхананың мүлкін сақтауды бақылау ұйымдастыратын адамдарды тартады және мәдени іс-шараларды ұйымдастырады.

Жатақхананың әрбір қабатында староста сайланады. Қабат старостасы бөлмеде тұратындардың мүлікке ұқыпты қарауын, блоктың таза және тәртіппен ұсталуын қадағалайды. Қабат старостасы өз жұмысында жатақхана студенттік кеңесінің және жатақхана әкімшілігінің шешімдерін басшылыққа алады. Кезекшілік кестесінің орындалуын бақылау қабат старостасына жүктеледі. Кезекшілер жуынатын және тұрмыстық бөлмелердегі, дәретханадағы, дәліздегі тазалық пен тәртіпке жауап береді, сондай-ақ раковиналардың, унитаздардың, крандардың, электр плиталарының және қабаттың қалған мүлкінің сақталуын қадағалайды;

Күн сайын жатақхана студенттік кеңесінің төрағасы старостасы бар бөлмелерді аралап, санитарлық жағдайын тексереді, нәтижелерін журналға енгізеді.

Студенттер жатақханаға орналасу кезінде «Жатақханада тұратын студенттердің міндеттері мен құқықтары» екі тілде түсіндіріледі. Оларға жеке-жеке әр қайсысының қолына ереже (памятка) беріліп, студенттерге Жатақханада тұру қауіпсіздігін сақтау мақсатында өртке қарсы бағытталған іс-шаралар кешені жүзеге асырылып, сонымен қатар студенттердің тұрмыстық жағдайлары мейлінше жақсартылған. Студенттер үйінің тұрғындары ғаламтор ресурстарын қалыпты қолдану және спорттық-мәдени іс-шаралармен айналысу мүмкіндіктеріне ие. Студенттер жатақханаларында оқытушылар кезекшілік міндеттерін атқарып, Студенттік кеңестері мен Студенттік старосталардың да жұмыстары тиімді ұйымдастырылуда. Жатақхана студенттері уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында түрлі патриоттық, рухани, салауатты өмір салтын насихаттайтын іс шаралар ұйымдастырылады. Жатақханаларда бір оқу жылына сайланатын студенттер кеңесінің төрағалары жұмыс істейді. Оқу жылының басында олар жұмыс жоспарын бекітеді, түрлі іс-шаралар өткізеді, сондай-ақ студенттердің өмір сүру жағдайларын жақсартуға және мәдени-ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыруға бағытталған іс-шараларын үйлестіреді. Олардың күш-жігерінің арқасында студенттердің өмірі мен оқуы үшін қолайлы атмосфера құрылады.

Студенттер үйі туралы ережесіне сәйкес №1, 2, 3 студенттер үйлеріне ата-анасының қамқорлығынсыз қалған (тұл жетім) және мүмкіндігі шектеулі (I, II, III топтағы мүгедек) 9 студентке 2023-2024 оқу жылында жатақханаларда тегін тұрады.

Инклюзивті білім берудің психологиялық орталығы сессиялар мен күнделікті оқу іс-шаралары кезінде мүмкіндігі шектеулі студенттерге психологиялық қолдау мен көмек көрсетуде белсенді болды. Бұған жеке кеңес беру, стрессті басқару бойынша топтық сабақтар, сондай-ақ бейімделген оқыту әдістерін ұсыну кірді. Сонымен қатар, Орталық мүмкіндігі шектеулі студенттерді әлеуметтік және мәдени бейімдеу бойынша іс-шаралар мен тренингтер өткізді, сондай-ақ олардың санының динамикасына мониторинг пен талдау жүргізді. Аталған кезеңде осындай студенттер санының артуы тіркелді, бұл инклюзивті білімге және жұмыс тиімділігіне назар аударудың артқанын көрсетеді: 2021-2022 оқу жылы 87 студент, 2022-2023 оқу жылы 101 студент, 2023-2024 оқу жылы 122 студент және 1 магистрант.

Төменде әр түрлі әлеуметтік категориялардағы оқушылардың санын көрсететін университет студенттерінің әлеуметтанулық картасы Берілген. Әр оқу жылының басында әлеуметтік жұмыс басқармасының қызметкерлері деректерді жинайды. Бұл әлеуметтік карта өте маңызды, өйткені ол студенттердің ерекшеліктерін ескеруге және оларға қажетті қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Институт директорларының орынбасарлары мен факультет декандарының мәліметтері бойынша студенттердің әлеуметтік картасы:

№	Санаты	Студент саны
1.	Кәмелетке толмағандар	1690
2.	Тұл жетім	51
3.	Жартылай жетім	486
4.	Мүгедек бар студенттер	81
5.	Діни атрибуттық киім киетін студенттер	100

Инклюзивті білім беру бойынша 2023-2024 оқу жылында мүмкіндігі шектеулі жалпы саны **-103** студент жеңілдік алды, оның ішінде мемлекеттік грант бойынша **-59** студент, «Қазақ халқына қамқор қоры» **-23** студент білім алса, **21** студент Дулати университетінің оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдік берілді.

Университетте тұрақты түрде студент жастардың әлеуметтік жәй-күйін анықтау бойынша *Google forms-та* бірқатар актуалды тақырыптарда онлайн-сауалнамалар өткізілді. 2023-2024 оқу жылында барлығы тақырыптық **6** сауалнама өткізіліп, оларға жалпы **16 419** студент қатысып, нәтижелері университет ресми парақшаында және әдіснемелек нұсқа түрінде институт, факультеттерге таратылды.

Атап айтқанда 2023-2024 оқу жылында:

1. ҚР дін саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыруына байланысты студенттер арасында діни экстремизм көріністерін алдын алу және діни көзқарастарына талдау (мониторинг) жасау мақсатында барлық курс студенттеріне арналған *«Жастар және дін»* атты онлайн сауалнамасы өтті. Сауалнамада қазақ және орыс тілінде 13 сұрақ қамтылып, оған жалпы **-1607** респондент қатысты;

2. Тәрбие процесін жүйелі түрде көру және осы жұмыстың тиімділігін білу мақсатында 1-4 курс студенттері арасында студенттің әлеуметтік қазақ және орыс тілінде онлайн сауалнама өткізіліп, оған жалпы **3260** респондент қатысты;

3. Дулати университетінің асханаларының санитарлық-гигиеналық жағдайын, әзірленетін тағамдардың сапасын, сонымен қатар бағаларының студенттерге қолжетімділігін тексеру мақсатында институттар, факультеттер студенттері арасында *«google.forms»* бағдарлама арқылы *асхана сапасын анықтау* бойынша 13 сұрақ қамтылды. Сауалнамаға жалпы саны – **1221** респондент, оның ішінде студент - **1120**, оқытушы – **101**, қатысты;

4. Дулати университетінің студент жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастырып дамыту – еліміздің болашағын айқындаушы көрсеткіштердің бірі ретінде институт пен факультеттер студенттері арасында *«google.forms»* бағдарлама арқылы *«Студенттердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және психотроптық заттарды тұтынуы»* бойынша 13 сұрақтан тұратын онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқандар – **1750** студент;

5. Студенттерге харассмент мәселесіне байланысты түсініктер мен ұғымдар қалыптастырып, әрбір жеке тұлғаның өмірлік құндылықтары мен психикалық денсаулығын қалыптастыруға және де оны сақтап қалу үшін *«Харассмент және жеке шекара»* тақырыбында студенттер арасында *«google.forms»* бағдарлама арқылы онлайн сауалнама жүргізіліп, оған **2892** респондент қатысты;

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру – тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық

ұстанымын қалыптастыру мақсатында студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Таза сессия» тақырыбында онлайн сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға қатысқандар саны - **5689** респондент;

Студент жастардың әлеуметтік жай-күйін анықтау бойынша сауалнамалар

№	Тақырыбы	Респондент саны
1.	«Студенттің әлеуметтік жағдайын анықтау» тақырыбында сауалнама	3260
2.	«Студенттердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және психотропты заттарды тұтынуы» тақырыбында өтілген сауалнама	1750
3.	Асхана сапасын анықтау бойынша сауалнама	1221
4.	«Студенттер арасында харассмент және жеке шекара» тақырыбында сауалнама	2892
5.	«Жастар және дін» тақырыбында дін саласы бойынша сауалнама	1607
6.	«Таза сессия» бойынша сауалнама	5689
Барлығы:		16 419

Біздің ортақ мақсаттарымызға қол жеткізу үшін әрбір азаматтың дүниетанымын қайта қарау қажет. Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев біздің ортақ мақсаттарымызға жету үшін білім, ғылым және мәдениет саласын дамытуға ниет білдірді. Ол әділеттілік пен адам құқықтарын құрметтеуге негізделген мемлекеттің жаңа нысанын құру қажеттігін атап өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы жарияланды. Президент «Әділ Қазақстан - Әділ адамдар елін» құруға бастамашы болды және жастарды соған сәйкес даму үшін тарих пен құндылықтардың тамырына жүгінуге шақырды. Бұл тәсіл еліміздің тұрақты дамуы үшін қажет және біздің өміріміздің барлық салаларында жүргізілуі керек.

Аталған жолдауды түсіндіру, талқылау және насихаттау мақсатында Дулати университетінде әр түрлі форматта ауқымды іс шаралар өткізіліп, академиялық топтарда кураторлық сағаттар ұйымдастырылды.

№	Ауқымды іс шаралар атауы	Іс-шара өткізу түрі	Қатысушылар саны
1.	«ҚР президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауын насихаттау және түсіндіру»	дөңгелек үстел	25
2.	«Жолдау - дамудың даңғыл жолы»	кездесу	35
3.	«Президент жолдауы – ел дамуының жаңа белесі»	баяндама	90
4.	«Тәуелсіздік – біздің ең қастерлі құндылығымыз»	дөңгелек үстел	18
5.	Справедливый Казахстан – «Адал азамат»	дөңгелек үстел	75
6.	«Жақсы жұмыс – жанға тыныс»	дәріс	55
7.	«Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы»	дөңгелек үстел	25
8.	«Креативті индустрия»	кездесу	36
9.	«Жастардың, жаһандық бәсекедегі қабілеттерін, дамытуда экономикалық сауаттылықтың маңызы»	ашық кураторлық сағат	33
10.	«Жолдауға нақты іс қолдау»	дөңгелек үстел	65
11.	«Білімді ұрпақ-іргелі елдің кепілі»	дөңгелек үстел	20

12.	«Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары»	дөңгелек үстел	45
-----	--	----------------	----

Студент жастар арасына патриоттық құндылықтарды, көзқарастар мен нанымдарды сіңіру, Қазақстанның бұрынғы мәдениеті мен тарихын, дәстүрін құрметтеуге, мемлекеттік билікке құрмет және сенім білдіруге, патриоттық, ұлттық және ұлтаралық сезімдерін үйлесімді қиюластыру қабілеттерін арттыру мақсатында азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бағыты бойынша 2023-2024 оқу жылы бойында салтанатты жиналыстар, лекция, кураторлық сағаттар, флэшмоб, фестиваль, байқау, салтанатты концерттік бағдарлама, пікірсайыс, дөңгелек үстел, кездесу, әңгімелесулер ұйымдастырылып, өткізілді.

Рухани-адамгершілік, әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық тәрбие бағыты - жастардың бойына адамгершілік-рухани, эстетикалық тәрбие әр адамның жеке тұлғалық қабілетін қалыптастыру мен дамыту, ұжымға, қоғамға, Отанға, еңбекке, жеке басы мен өз міндеттеріне жауапкершілігін қалыптастыру. Ең бастысы – адамгершілік сезімді, жеке бастың рухани деңгейін көтеру, мінез-құлқын толықтыру, түзету.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университет музейі М.Х. Дулатидың және Ж.Баласағұни бабаларымыздың өмірлері мен шығармашылықтарының тарихын насихаттау мақсатында 2023-2024 оқу жылының бекітілген жоспары бойынша музейге келген танымал тұлғаларға, студенттерге, мектеп оқушыларына экскурсия, түрлі көрмелерін, видео-роликтерін түсірудегі іс-шаралары атқарылды.

2023-2024 оқу жылында институт, факультеттің 1-4 курс студенттері және қала, аудан, ауылдардан «Ашық есік» проферентациялық жұмыстар бойынша 10-11 сынып оқушыларының музейге экскурсия жасаған жалпы **4967** мыңдай адам саны қамтылды.

Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы, дінтанушы-магистр Б.Алпысбаев студент жастар арасында конфессияаралық келісімді сақтау, діни экстремизм мен терроризм көріністерін алдын-алу бағыттары бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп келеді. Сонымен қатар, *Әлеуметтік жұмыс басқармасы дін саласына байланысты басқа да мемлекеттік мекемелермен Жамбыл облысы бойынша ҰҚҚД, Жамбыл облысы әкімдігі Дін істер басқармасы, Жамбыл облыстық ПД Экстремизмге қарсы күрес басқармасы, Жамбыл облысы әкімдігі терроризмге қарсы күрес орталығы, Жамбыл облысы әкімдігі Дін проблемаларын зерттеу орталығымен өзара ынтымақтастық бағытта бірлесе жұмыс жасайды.*

2023-2024 оқу жылында Республикалық, облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-портал сайттарында Б.Алпысбаевтың жарияланған 5 бейнесұхбаты, Республикалық интернет порталында 2 мақала және облыстық газеттерде 2 мақала жарияланды. Жалпы – **9**. Университет студенттеріне дін саласына байланысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында Әлеуметтік жұмыс басқармасы факультеттің тәрбие жұмыстар жөніндегі декан орынбасарларымен бірлесе отырып, **23** іс шара ұйымдастырды. 2023 жылы 30-06 қараша айында университет студенттеріне арналған «Жастар және дін» тақырыбында дін саласына байланысты онлайн сауалнама жүргізілді. Қазақ және орыс тілінде 13 сұрақ қамтылды. Сауалнамаға жалпы **1607** респондент қатысты. Сауалнаманың қорытынды нәтижесі әзірленіп, кітапша ретінде 10 дана баспадан шығарылды. Сауалнаманың қорытынды нәтижесіне назар аудара отырып, қоғамдағы радикалдық діни идеология қарсы студенттердің діни сауаттылығын қалыптастыру қажеттілігі анықталды. Жастардың бойына ұлттық сананы қалыптастыру және халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған рухани құндылықтары негізінде тәрбиелеу бүгінгі күннің талабы болып табылады. Студенттер арасында дін саласы бойынша атқарылған іс-шараның ақпараттары университеттің ресми сайтына және әлеуметтік желілерге жүктелініп отырады.

ДІН САЛАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

Жұмыс бағыттары

1. Деструктивті діни идеологияға ұшараған адамды оңалту бағыты.

2. Теологиялық-психологиялық кеңес беру.

3. Конфессияаралық және этносаралық қатынасты сақтау мақсатында топтық және жеке кездесу жұмыстарын жүргізу.

4. Медиа саласында дінтанулық-ғылыми жұмыстарын жүргізу.

Аталмыш бағытта бірлесе жұмыстар атқарылуда:

- Ұлттық қауіпсіздік комитетімен
- Жамбыл облысы дін істер басқармасымен
- Жамбыл облысы полиция департаментімен

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында ұйымдастырылған шаралар

Қамтылған студенттер

23

3000



Аталмыш бағытта жалпы бейнесұхбат саны - 5. Республикалық интернет порталында 2 мақала және облыстық газеттерде 2 мақала жарияланды.



«Жастар және дін» тақырыбында дін саласына байланысты арнайы сауалнама жыл сайын алынады. Анализі әзірленіп, осал топтармен жұмыс жүргізіледі.



М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде психологиялық қызметті күшейтуді көздей отырып, сонымен қатар студенттердің және оқытушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсетететін Е.Қонақбаев атындағы педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету орталығы жұмыс жасауда. Қоғамдағы психологиялық денсаулықты сақтау мақсатында студенттердің психологиялық сауаттылығын қалыптастыру жұмыстарын күшейту және кураторлық сағаттарда «Психологиялық денсаулықты сақтау жолдары және асоциалды мінез-құлық үлгілерін алдын-алу» тақырыбында психолог маманымен кездесулер ұйымдастыру жоспарланды. Кураторлық топтарда және жатақханаларда студенттерге педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету аясында шығармашылық белсенділігін арттыруға бағытталған тренингтік топтарға, психологиялық үйірмелерге және басқа да іс-шараларға баулу жұмыстары және психологиялық білімдерді қалыптастыру мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Психологиялық профилактика және ағартушылық бағытта (тақырыптық семинар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, психологиялық дәрістер, кездесулер, конференциялар) орындалған жұмыстар саны – **47**. Сонымен қатар, 1-курс студенттерінің университетке психологиялық бейімделу барысы, оқуға үлгерім деңгейі, топтағы ортаға үйрену жағдайы, 2,3,4 курс студенттерінің тұлғалық ерекшеліктерінің психологиялық қалыпты даму мәселелеріне байланысты анықтау, түзету жұмыстары қамтылған. Осындай мақсатта «Мотивациялық тренинг», «Суицидтік әрекетке ұшырау – ол өзіндік «Меннің жоғалуы», «Өмір құндылығын арттыру дағдарысты жағдайларды шешу», «Суицидтің алдын алу және ойынқұмарлық» тренингі т.б. тақырыптарда тренингтік сабақтар ұйымдастырылды. Әр түрлі жеке мәселелер бойынша психологиялық кеңес алуға өтініш білдірген студенттер саны **58** адамды құрады. Психокоррекциялық бағытта «Суицидтің алдын-алу», «Харассмент және жеке шекара», «Лудомания», «Нашақорлықтың алдын-алу» тақырыбында өткізілген іс-шараларда **2500** ге жуық студент қамтылды.

Университеттің студенттері мен қызметкерлері психолог мамандардың көмегіне кез-келген уақытта университет сайтында <https://dulaty.kz/psychological-service-kz> көрсетілген байланыс телефондары мен электрондық пошталары арқылы психологиялық кеңес алуға мүмкіндіктері бар.

СТУДЕНТТЕРДІҢ МЕНТАЛДЫ ДЕНСАУЛЫҒЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің психологиялық қызметі бес бағыт бойынша жүргізіледі:

1. Психологиялық диагностика
2. Психологиялық коррекция
3. Психологиялық профилактика
4. Психологиялық кеңес беру
5. Психологиялық ағарту



Педагогикалық психология және Әлеуметтік психология кафедралары

Е.Қонақбаев атындағы психологиялық қолдау көрсету орталығы арқылы **2497** студент арнайы тренингтерге қатысты

Психокоррекциялық бағытта «**Суицидтің алдын-алу**», «**Харассмент және жеке шекара**», «**Лудомания**», «**Нашақорлықтың алдын-алу**» тақырыбында іс-шаралар өткізілді

Психологиялық профилактика және ағартушылық бағытта (тақырыптық семинар, тренингтер, дөңгелек столдер, психологиялық дәрістер, кездесулер, конференциялар) орындалған жұмыстар саны – 47.



2023 жылы психодиагностикалық анықтаушы бағытта «**Харассмент және жеке шекара**» тақырыбында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысушылар саны – 2892.

Дулати «БОЛАШАҚ САРДАР» әскери-патриоттық клуб - жастарды елжандылыққа, ел мен жерді қорғауға, халықтық дәстүрлерді сақтауға, туған жеріміздің тарихын терең білуге, баулу мақсатында құрылған құрылым.

Әскери кафедраның әскери-патриоттық және тәрбие жұмыстарының 2023–2024 оқу жылына арналған жоспарына сәйкес келесі іс-шаралар өткізілді:

Қыркүйек айының басында «2023–2024 оқу жылында студенттерге патриоттық тәрбие беру және оқу процессін ұйымдастыру бойынша оқытушылар құрамының міндеттері» тақырыбында әскери кафедра мәжілісі өткізілді. Әскери кафедра қызметкерлеріне келесі 2023-2024 оқу жылына оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу үшін оқу материалдық базасын, әдістемелік құжаттамаларын және оқытудың техникалық құралдарын дайындау міндеттері қойылды.

6 қазанда әскери кафедра студенттерімен Ұлы Отан соғысына қатысушы, Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың өмірі мен қызметіне арналған «От кешкен тағдыры» тақырыбында іс-шара өтті. Іс-шара барысында атты деректі бейнематериал ұсынылды, сондай-ақ көрермендердің назарына Мәншүк Мәметованың ерлігі туралы баяндайтын «Үзілген моншақ» слайд-шоуы ұсынылды.

7 қазанда әскери кафедра студенттері «Әскерге бару - азаматтық борыш» деп аталатын өңір жастарының әскерге аттану рәсіміне қатысты. 2023 жылдың 30 шілдесінде әскери кафедраның саптық алаңында запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша оқитын оқу жиынының студенттері салтанатты түрде әскери ант қабылдады. Іс-шара студенттердің салтанатты маршпен және саптық әнді орындап өтуімен аяқталды.

9 - 13 қазан аралығында студенттеріне «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізгі ережелері жеткізілді. Цикл бастығы запастағы подполковник Ж.П. Наурызбаев тыңдаушыларды әскери қызметтің негізгі ережелерімен және әскери қызметшілердің мәртебесімен таныстырды. Бұл дәрістің мақсаты студенттерге әскери қызметшілердің құқықтарын, міндеттерін және әлеуметтік қамсыздандырылуын жеткізу болды.

17-18 қазанда М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің әскери кафедрасының студенттері «Қан беру-өмірді сақтап қалу!» ұранымен қайырымдылық акциясына қатысып, өтеусіз негізде қан тапсырды.

19 қазанда әскери кафедра студенттерімен кеңес офицері, Ұлы Отан соғысының батыры Рахымжан Қошқарбаевтың өмірі мен қызметіне арналған іс-шара өтті. Мақсаты: Р.

Қошқарбаевтың ерлігін насихаттай отырып, студенттердің бойында патриоттық сезімді қалыптастыру.

20қазанда Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлова әскери кафедрада студенттерімен «Ешкім де ештеңе де ұмытылмайды» атты патриоттық сағат өткізілді. Іс-шара барысында Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлова туралы деректі фильмдер, Ленинградты азат ету тарихы, слайдтар көрсетіліп, Әлияның хаттары, патриоттық әндер, өлеңдер оқылды. Тыңдаушылар мен студенттер ұлы ата-бабалардың ерліктерін ұмытпау керектігі, солардың арқасында жер бетінде бейбітшілік орнағаны туралы рухани білім алды.

16 - 20 қазан аралығында әскери кафедра студенттерімен «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» тақырыбында таныстыру дәрісі өткізілді.

1-8 қараша аралығында әскери кафедра студенттерімен «Маскүнемдік пен нашақорлық оқиғалар мен қылмыстардың көзі» тақырыбында әңгіме өткізілді.

9 қарашада М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің әскери кафедрасында Тараз өңірлік гарнизоны әскери полиция басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлімінің бастығы подполковник С.Ж. Әуелбековпен «Сыбайлас жемқорлыққа, қарсы күрес» және «Алкоголизм, нашақорлық және құмар ойындар» тақырыбында қызметкерлер мен студенттерге профилактикалық іс-шара өткізілді. 10 қарашада М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті әскери кафедрасының студенттерімен «Орта Азия мен Қазақстандағы терроризм және экстремизм» тақырыбында дәріс өтті. 13 қарашада М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті әскери кафедрасының студенттерімен Мәлік Ғабдуллинге Кеңес Одағының Батыры атағын берудің 80 жылдығына арналған «Ата аңызға айналған қаһарман» атты патриоттық сағаты өткізілді. 13қарашада әскери кафедра студенттерімен «Суицид, әлеуметтік-психологиялық құбылыс. Суицид жасаудың себептері мен алғы шарттары» тақырыбында дәріс-әңгіме өткізілді. 24 қарашада М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің әскери кафедрасында кафедраның құрылғанына 60 жыл толуына арналған әскерилендірілген эстафета өтті.

Қазақ халқының аты аңызға айналған ұлы, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының туған күніне орай запастағы подполковник А.А. Дүйсенбаевтың басшылығымен «Бүркіт» ПБСЖ полициямен бірлескен студенттік жасағының студенттері «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының офицерлерімен және ҚР ҚК ардагерлерімен бірлесіп «Жеңіс» саябағында Бауыржан Момышұлының ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

22 қаңтарда әскери кафедрада Кеңес Одағының Батыры генерал-майор Иван Панфиловтың туған күніне орай еске алу іс-шарасы өтті.

9 ақпанда әскери кафедра студенттерімен цикл бастығы запастағы подполковник Қалилаев Д.Ж. «Орта Азия мен Қазақстандағы терроризм және экстремизм» тақырыбында сабақ өткізді.

19 ақпанда әскери кафедраның акт залында «Әскери киім кию ережелерін сақтау, әскери сыпайылық және әскери сәлемдесуді орындау тәртібі», «Маскүнемдік - құқық бұзушылық көзі» тақырыбында дәріс өткізілді.

14 ақпанда әскери кафедрада студенттермен Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылуының 35 жылдығына арналған «Ерлік сабағы» өткізілді. Іс-шараға М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің Басқарма мүшесі-әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректоры А.Е. Тұрлыбек, Ауған соғысының ардагерлері запастағы сержант Б.Р. Таңатаров, запастағы сержант Е. Жилгельдиев, запастағы кіші сержант Б. Мұсаев шақырылды. Соғыс ардагерлері мен жауынгерлері Ауғанстандағы соғыс туралы естеліктерімен бөлісті, олардың ерлік, қаһармандық және Отан алдындағы борыш туралы көзқарастарымен бөлісті. Жауынгерлердің сөз сөйлеуі Ауғанстан оқиғалары туралы деректі фильмнің көрсетілімімен сүйемелденді.

11 наурызда әскери кафедрада террористік актілердің алдын алу, патриотизмді қалыптастыру, зорлық-зомбылыққа қарсы сезімді тәрбиелеу жөніндегі профилактикалық жұмыс мақсатында цикл бастығы запастағы подполковник Ж.П. Наурызбаев «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын студенттерге жеткізді.

5 сәуірде әскери кафедраның акт залында әскери кафедра студенттерімен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне әскери қызметке шақыру бойынша үгіт-насихат іс-шарасы өтті. 12 сәуірде оқытушы, отставкадағы майор Оңалбеков К.А. студенттерге «ҚР бірінші Қорғаныс министрі Халық Қаһарманы С. Нұрмағамбетов» тақырыбында дәріс өткізді. Өз сөзінде оқытушы ел үшін қиын уақытта армияны басқарған Сағадат Қожахметұлының өмірінен жарқын эпизодтар туралы айтты. 15 сәуірде жалпы қалалық сенбілік аясында Тараз өңірлік университетінің әскери кафедрасының аумағында жасыл желектерді отырғызу ұйымдастырылып, онда 12 дана туя және 20 бақша гибискус көшеттері отырғызылды. 16 сәуірде әскери кафедрада Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы Қасым Қайсеновті еске алуға арналған іс-шара өтті. 24 сәуірде Тараз гарнизоны әскери полиция бөлімінің өкілі подполковник С.Ж. Аульбеков «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы тақырыбында әскери кафедра студенттерімен әңгімелесу өткізілді.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 32 жыл толуына және Жеңіс күніне орай жастарды әскери патриоттық тәрбиелеу мақсатында әскери кафедраның ұйымдастыруымен әскерилендірілген эстафета өтті.

2 мамырда әскери кафедрада студенттермен «Ешкімде, ештеңе де ұмытылмайды» атты патриоттық сағат өткізілді.

Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының бірінші Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың туғанына 100 жыл толуына орай «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының 85395 әскери бөлімі аумағында «Жас қыран – 2024» әскери-патриоттық іс-шарасы өтіп, оған Жуалы, Байзақ, Жамбыл ауданы мектептерінің оқушылары және Тараз қаласы Абай атындағы гуманитарлық колледжінің студенттері қатысты.

6 мамырда «Жеңіс Күні» мерекесі құрметіне орай «Болашақ сардар» әскери-патриоттық клубының студенттері «Ерлік» мемориалдық кешеніне гүл шоқтарын қойып, қаза тапқан жауынгер-батырларды бір минут үнсіздікпен еске алды.

АЗАМАТТЫҚ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БАҒЫТЫ БОЙЫНША

АТАЛМЫШ БАҒЫТТАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

	41	Кездесулер, дөңгелек үстелдер, семинарлар
	4	Танымдық лекциялар
	2	Жастар акцияларымен челленджері
	2	Мерекелік іс-шаралар

ӘСКЕРИ КАФЕДРАМЕН БІРЛЕСЕ АТҚАРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР:

	4	Ерлік сағаттары
	1	Әскерилендірілген эстафета
	7	Арнайы дәрістер



Дулати университетінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырып, адалдыққа тәрбиелеу мақсатында академиялық топ студенттеріне – Университеттің «Академиялық адалдық» Ережесі мен «Студенттердің Ар-намыс» және «Корпоративтік этика» кодексі Ержелерін кураторлық сағаттарда таныстырып, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, студенттер тиісті құжаттармен танысқандығы туралы қолдарын қойды.

№	Институт, факультет атауы	Курс				Жалпы саны
		1к	2к	3к	4к	
1.	Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру институты	573	592	444	324	1933
2.	Жаратылыстану ғылымдары факультеті	338	336	322	188	1184
3.	Педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультеті	466	461	449	279	1655
4.	Филология және гуманитарлық ғылымдар факультеті	627	824	574	410	2435
5.	Экономика және құқық факультеті	293	327	282	313	1215
6.	Технологиялық факультет	656	586	461	434	2137
7.	Дене шынықтыру және әскери дайындық факультеті	348	759	564	341	2012
Барлығы:		3301	3885	3096	2289	12571

М.Х. Дулати атындағы ТарӨУ-де азаматтық, патриоттық тәрбие, сыбайлас жемқорлыққа қарсы және құқықтық тәрбие бағытында жоспарлы түрде іс-шаралар өткізіледі. Университеттің барлық академиялық топтарында «Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу және ескерту» тақырыбында міндетті кураторлық сағаттар өткізілді, сонымен қатар «Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, адалдық қағидалары» тақырыбында бірыңғай кураторлық сағаттар өткізілді. –сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат бойынша құқық қорғау органдары мен қоғамдық бірлестіктер өкілдерімен барлығы 22 кездесу, 25 дөңгелек үстел, 420 тақырыптық кураторлық сағат, 25 ашық кураторлық сағат өткізілді

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ БАҒЫТЫ БОЙЫНША

Белсенді студенттік клубтар арасында саналы ұрпақ бейнероликтер байқауы

“Антипаракрафт” республикалық шарасының финалдық кезеңіне жолдама алды

САНАЛЫ ҰРПАҚ СТУДЕНТТІК КЛУБЫ ЖҰМЫС АТҚАРАДЫ

“ТАЗА СЕССИЯ” АКЦИЯСЫ ҰДАЙЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ

АТАЛМЫШ БАҒЫТТАҒЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ САЙЫСТАР

Аталмыш бағытта бірлесе жұмыстар атқарылуда:

1. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті

2. «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ БАҒЫТЫ БОЙЫНША

“ТАЗА СЕССИЯ” АКЦИЯСЫ

Студент жастардан құралған мониторингтік топ құрылды

Емтихандар уақытында оқу кешендерінде ақпараттық афишалар дайындалып, орналастырылды

Арнайы тақырыптық постерлер дайындалды

Акция аясында анонимдік сауалнама жүргізілуде

БАҒЫТ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

- 1 “Тәрбие лагері” атты фильм тұсаукесері өтті
- 35 Факультеттерде ұйымдастырылған тақырыптық тәрбие сағаттары
- 1 Сыбайлас жемқорлықтың, лудомания мен есірткілік заттардың таралуының алдын алуға бағытталған бейнеролик
- 3 Семинар-тренингтер
- 5 Танымдық лекциялар



БАҚЫЛАУШЫ

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

ТАЗА СЕССИЯ АКЦИЯСЫ

МЫҚАС НҮРСА

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру жөніндегі 2024 жылдың наурыздың 25 күні Меморандумды іске асыру жөніндегі 2024 жылға арналған кешенді іс-шаралар жоспары бекітілді.

Студенттердің бос уақытын мақсатсыз өткізулері көп жағдайда құқықбұзушылыққа әкеліп соғатыны белгілі. Осыған байланысты университеттегі құқықтық тәрбие - жастар арасындағы қақтығыс жағдайларды реттеу бойынша бейбіт түрде шешу жолдары бар екендігін түсіндіріп, тең құқықтық әлеуметтік диалогты дамыту бойынша, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру болып табылады. Құқық бұзушылықтың алдын-алу бағыты бойынша Студенттік жатақханаларда жастар мен жасөспірімдер арасында жиі орын алатын ұсақ бұзушылықтарға жол бермеу, жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, студенттердің құқықтарын мәдениетін арттыруға арналған насихат, түсіндіру, талқылау іс шаралары облыстық жергілікті полиция қызметі өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылуда. Атап айтсақ, «Қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік», «Интернет алаяқтық» тақырыптарында лекция, «Бопсалау», Мен және менің құқығым», «Заңды білу - міндетіміз» «Қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік» тақырыбында заң қызметкерлерімен кездесулер, «Интернет алаяқтық», «Бопсалау» т.б. іс-шаралар өткізілді.

Бүгінгі күнге Дулати университетінде кәмелетке толмаған студент саны – 773. Дулати университетінде оқитын кәмелетке толмаған студенттерге ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 442 бабы (*Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғын жайдан тыс жерде болуы*) кураторлық сағаттарда түсіндіріліп, WhatsApp әлеуметтік желісінде студенттердің ата-аналарына арнайы чат ашылып, ата-аналарға да түсіндірме жүргізіліп тұрады.

Төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар аясында 2024 жылдың ақпан айында Жамбыл облысы төтенше жағдайлар департаментімен бірлесіп оқу-жаттығу жұмыстары жүргізілді. Бұл шара барысында студенттер төтенше жағдай кезіндегі әрекеттерді үйреніп, алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша арнайы тренингтерге қатысты. Сонымен қатар, өрт сөндіру бөлімшесіне экскурсия ұйымдастырылып, студенттер өрт қауіпсіздігі ережелерімен танысып, құтқару қызметінің жұмысын жақыннан көрді. Жамбыл облысы төтенше жағдайлар департаментімен бірге қала тұрғындарына түсіндірме жұмыстарын жүргізуге волонтер студенттер белсенді атсалысты. Төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау, алдын алу шаралары мен әрекет ету алгоритмдері бойынша ақпараттық парақшалар таратылып, тұрғындармен арнайы кездесулер өткізілді.

Бұдан бөлек, бірқатар қызметкерлер азаматтық қорғау саласындағы даярлық курстарынан өтіп, төтенше жағдайларға жедел әрекет ету дағдыларын жетілдірді.



Шығармашылық бағытта жастардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын дамыту, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, әлеуметтік белсенділігін арттыру, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру және жастардың арасынан дарындыларын анықтау, шығармашылыққа және белсенділікке тарту мақсатында Хореография үйірмесі, Сән студиясы, Халық аспаптары студиясы, Саз-әуен студиясы үйірмелері ашылып, нәтижесінде 515 университет студенттері тіркеліп, **219** студент қамтылған.

Шығармашылық студияларға қатысатын студенттер саны

№	Факультеттер Студиялар	СПЖ/СТҰИ	Эж/еҚ	Фж/еГГФ	ЖГФ	Тф	Пж/еӨГФ	ДДШЖАӘДФ	Барлығы
1	Вокал М.А.Рахиев	2	2		4	2	4	3	17
2	Вокал Н.К.Жарасбеков	2	2	1	3	2	4	2	16
3	Оркестр жетекшісі С.Н.Әлімбаев	1			2	4	19		26
4	«Ерке сылқым» А.Қозайыр	4	10	1	4	8	16	7	50
5	Сән студиясы А.Түймебай	5	5	7	3	6	3	13	42
6	Жүргізушілер мектебі А.Бүрлібаева	6	9	4	4	9	11	10	53
	Барлығы:	21	31	14	21	34	58	40	219

2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығы бірнеше көркем-эстетикалық және патриоттық бағыттардағы тәрбиелік **24** ауқымды мәдени іс-шара ұйымдастырды. Атап айтқанда, сценарийлер әзірленіп, концерттік нөмірлер дайындалып, жоғары деңгейде келесі іс-шаралар өткізілді: "DU Fest", "Мисс Дулати", "Қош келдің әз Наурыз", "Жаңа жыл", "Жұлдызды Дулати", "Жас Талант", "Мәңгілік Жас-қыран елім!", "Студенттік балл". Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығы облыс және қала әкімдігімен, ішкі саясат, жастар саясаты, мәдениет бөлімдерімен, спорт басқармаларымен, облыстық сотпен, прокуратурамен, ішкі істер департаментімен, сондай-ақ ұйымдармен және мекемелермен тығыз байланыста жұмыс істейді, қала, облыс және республика ауқымындағы барлық мәдени-бұқаралық іс-шараларға жәрдемдеседі және қатысады.

2023 жылдың 28 желтоқсанында Тараз мемлекеттік университетінің М.Х. Дулати атындағы «Мәдениет және өнер» кафедрасында еліміздің Тәуелсіздік күні аясында ҚР Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Тұңғышбай Жаманқұловтың атындағы театрлық шеберхананың ашылу салтанаты өтті. Шеберхананың мақсаты – студент жастардың шығармашылық дамуына жағдай жасау, театр өнері арқылы рухани және мәдени әлеуетті арттыру, шығармашылық ізденіс пен тұлғалық қалыптасуды дамыту болып табылады. Іс-шараға облыс әкімдігінің, мәдениет басқармасының өкілдері, сондай-ақ Тұңғышбай Жаманқұловтың өзі қатысты. Мереке барысында қонақтарды ұлттық киімдермен қарсы алып, Т. Жаманқұловтың шығармашылығына арналған кітаптар мен суреттер көрмесі ұйымдастырылды, лента қию рәсімі өткізілді. Сонымен қатар, университеттің студенттік халық театры «Дулати жастары» Т. Жаманқұловтың шығармашылығына арналған поэтикалық композициясын сахналады.

Студенттердің спорттық іс-шараларға қатысуы

Университеттің дене шынықтыру және салауатты өмір салтын насихаттау, енгізу мақсатында «Сұңқар» спорт клубы «Дене шынықтыру және спорт теориясы» және «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» кафедраларының оқытушыларымен бірлесіп факультеттер арасында, факультет ішінде, курстар мен жатақханалар арасында түрлі жарыстар мен спартакиадалар өткізеді. Бұқаралық спорт түрлерімен белсенді айналысу үшін университетте Футбол, Волейбол, Бокс, грек-рим күресі, Атлетикалық гимнастика, Шахмат, тоғызқұмалақ, спорттық бағдарлау, баскетбол, Армреслинг, Қазақша күрес, үстел теннисі, Пауэрлифтинг, жеңіл атлетика, еркін күрес, каратэ-до шотокан, Фитнес спорт түрлері бойынша спорттық жетілдірудің **37** курсы жұмыс істейді. Қазіргі уақытта барлық үйірмелерге **570** студент қатысты.

СПОРТ

“Сұңқар” спорт клубы

37

31

- Университетте 37 спорт секциясы бар
- Еңбегі сіңірген жаттықтырушы - 7
- Жаттықтырушы - 31

5731

студент

Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылар

44,19%

Достижения

Жарыс деңгейі	Жүлделі студенттер саны
• Әлем чемпионаттары	15
• Европа чемпионаттары	4
• Азия чемпионаттары	17
• Халықаралық турнирлер	31
• ЖОО Универсиада 2024 ж	49
• ҚР чемпионаттары	86
• Облыс чемпионаттары	101
• Қала чемпионаттары	112
• Жалпы	415

XII – Жазғы Универсиадасының қорытындысы бойынша Дулати университетінің медальдік есебі

13

14

22

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті XII - жазғы универсиада қорытынсы бойынша 13 – алтын; 14 – күміс; 22 – қола медальдарды иеленіп жоғарғы оқу орындар арасында жалпы командалық есепте үздік алтылықтың ішінде IV орынға тұрақтанды

Университетіміздің білім саласындағы дене мәдениеттік-спорттық қызмет мамандығының 4 курс студенттері Оралбай Айбек және Оралбай Нұрбек Парижде өтетін олимпиадаға жолдама иеленді

«СҰҢҚАР» спорт клубының 37 спорттық жетілдіру үйірмелеріне (Волейбол, Бокс, грек - рим күресі, Атлетикалық гимнастика, Шахмат, тоғызқұмалақ, спорттық бағдарлау, Баскетбол, Армреслинг, Қазақша күрес, үстел теннисі, Пауэрлифтинг, жеңіл атлетика, еркін күрес, каратэ-до шотокан) 570 студент қамтылған. Спорттық жетістіктері бар студенттер саны жыл сайын ұлғаюда. 2023-2024 оқу жылында университетімізде спортшылардың түрлі дәрежедегі жарыстарға қатысып, жетістіктерімен есте қалды. Азия чемпионатынан **5** студент, ҚР Универсиадасында **45** студент, II Түркі Универсиадасында **4** студент ҚР чемпионатында **31** студент, Облыс чемпионатында **20** студент, Қала чемпионатында **11** студент, барлығы **116** студент жеңіске жеткен.

Биылғы оқу жылында Дулати университетінде ауқымды **32** спорттық-мәдени іс шаралар мен спорттық жарыстар өткізілді.

Қорыта келе, біздің мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Алға қойған мақсаттарына қол жеткізіп, өзін-өзі дамытуға талпынған жастарға шынайы қолдау қажет. Қазақстандық жастар өз болашақтарына сеніммен қарауы тиіс, олар үшін Қазақстан мемлекеттік басқарудан бастап, ғылым мен шығармашылыққа дейін сан алуан салаларда табысқа жетуге мол мүмкіндіктер беретін ел болуы тиіс» деп, жастарды Парламенттің және жергілікті өкілетті органдардың жұмысына кеңінен тарту және белсенді жаңа буын өкілдерін қолдауға шақырғаны есімізде. сондықтан біз Отанымыздың өркендеудің жаңа сатысына көтерілуге жағдай жасап және жаһандық бәсекеге дайын қазақстандық жастарды тәрбиелей аламыз, еліміздің тарихындағы даму мен өркендеудің тәлімін ұғынатын болсақ, біздің елдігіміз мәңгі жасайды!

Әлеуметтік жұмыс басқарма басшысы

А. Ұлтанбаев